

Ануарбекова Гулзат Джапархановнаның 6D011100 – Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Бүгінгі заманауи мектептердің негізгі міндеті оқушының жеке басының қалыптасуын, оның қабілетінің ашылуын, оқуға деген қызығушылығын арттыру арқылы бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Оқушы оқу міндеттеріне сай өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, уақытты дұрыс пайдалануға, өз әрекетін қадағалауға, бағалауға, өзін-өзі басқаруға дағдыланады. Ұлттық мазмұнды есептерді шешіп, оларға программа құру – бұл адамның ойлау қабілетін дамытып, логикасын жетілдіріп, тез ойлауға, алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеп, халқының өткен өміріне көз жібертеді. Олай болса, ұлттық ерекшеліктерді жастайынан бала бойына сіңіре білсек, еліміздің ертеңі ашық, келешегі жарқын да нұрлы болмақ. Ұлттық ерекшеліктерді оқыту мазмұнында ескеру қазақ халқының мәдени – ұлттық құндылықтарын бейнелеу, республиканың және оның әрбір аймақтарының әлеуметтік–экономикалық даму факторларын білу, оқушыларға ана тілі мен өзге де тілдерді меңгерте отырып, рухани құндылықтарды құрметтеу болып табылады.

Г.Д.Ануарбекованың диссертациялық жұмысында мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқытудың қазіргі жағдайына талдау жасалып, мектепте ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешудің көмегімен алгоритмдер және программалауды оқытудың қажеттілігі көрсетілді; Алгоритмдер және программалауды оқытуда ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесіне қойылатын әдістемелік талаптар және оны оқытудың мазмұны анықталды; ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу алгоритмдер және программалауды оқытудың құралдары нақтыланып, әдістемесі жасалды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Scopus деректер қоры базасында импакт факторлы ғылыми журналда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, ресейлік ғылыми журналда жарық көрді.

Ануарбекова Гулзат Джапархановнаның ғылыми зерттеу жұмысы толық аяқталған жұмыс деп есептеп, 6D011100 – Информатика мамандығы бойынша дайындалған «Ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесін шешу арқылы мектептегі алгоритмдеу мен программалауды оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор М.А.



РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАБЕРЯЮ: *Н.Т.Ошанова*
КОЛЫ ПОДПИСЬ

Н.Т.Ошанова